

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 23 мамырдағы № 191-VIII ҚРЗ.

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 11 қарашада Самарқандта жасалған хаттама осы Хаттаманың 10-бабын түсіндіру туралы мынадай мәлімдемемен ратификациялансын:

"Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманың 10-бабында көрсетілген құрылымдарға Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы байқаушы мәртебесінің берілуі Қазақстан Республикасының мұндай құрылымдарды мемлекет ретінде де, халықаралық құқықтың өзге субъектілері ретінде де тану актісі болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы осындай құрылымдар өкілдерінің Түркі мемлекеттері ұйымы шеңберінде Қазақстан Республикасында өткізілетін іс-шараларға қатысуы туралы шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады."

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕСІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ НАХЧЫВАН КЕЛІСІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Әзербайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түркия Республикасы және Өзбекстан Республикасы

бұдан әрі "Келісім" деп аталатын 2009 жылғы 3 қазанда Нахчыванда жасалған Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісімінің 21-бабына сүйене отырып,

соңғы онжылдықтарда түркі мемлекеттері қол жеткізген елеулі саяси және әлеуметтік-экономикалық прогресті атап көрсете отырып,

түркі әлеміндегі қатынастардың эволюциясын және түркі мемлекеттерінің Келісім шеңберінде жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге деген ортақ ерік-жігерін атап көрсете отырып,

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің зор жетістіктерін және оның құрылған кезінен бастап институционалдық дамуын жоғары бағалай келіп, олардың түркі әлемінде және халықаралық форумдарда бірлескен және үйлестірілген іс-қимылдарды қамтамасыз етудегі ұйымның рөлін одан әрі арттыруға бейілділігін атап көрсете отырып,

Мемлекеттер басшылары кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы "Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі" атауын "Түркі мемлекеттері ұйымы" деп өзгерту туралы шешімін назарға ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Түркі мемлекеттері ұйымын құру туралы Нахчыван келісімі".

2-бап

Келісімнің 1-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Түркі мемлекеттері ұйымы"

Тараптар "Түркі мемлекеттері ұйымы" (бұдан әрі - ТМҰ) деп аталатын халықаралық ұйымды құрады."

3-бап

Келісімнің бүкіл мәтіні бойынша "ТМЫК" деген аббревиатура "ТМҰ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

4-бап

Келісімнің бүкіл мәтіні бойынша тиісті септіктердегі "түркітілдес мемлекеттер" деген сөздер "түркі мемлекеттері" деген сөздермен ауыстырылсын.

5-бап

Келісімнің 4-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"ТМҰ-ның сабақтас және үлестес ұйымдары"

Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы (ТүркПА) ТМҰ-мен сабақтас ұйым ретінде түркі мемлекеттерінің парламенттері арасындағы ынтымақтастықты тереңдету үшін 2008 жылғы 21 қарашадағы Ыстанбұл келісіміне сәйкес жұмыс істейді.

ТМҰ-ның сабақтас ұйымы ретінде ТҮРКСОЙ, сондай-ақ үлестес ұйымдары ретінде Түркі академиясы мен Түркі мәдениеті және мұрасы қоры өз мандаттары шеңберінде мәдени, ғылыми және білім ынтымақтастығы жөніндегі қызметті жүзеге асырады, түркі әлемінің ортақ құндылықтарын таратады және танымал етеді, сондай-ақ түркі мәдениеті мен мұрасын қорғайды және ілгерілетеді.

Тараптар осы Келісімінің міндеттері мен мақсаттарын іске асыру үшін басқа да ұйымдар мен мекемелер құра алады."

6-бап

Келісімнің 5-бабының үшінші бөлігіндегі және 6-бабының төртінші бөлігіндегі "кезектен тыс" деген сөздерден кейін "және бейресми" деген сөздермен толықтырылсын және "отырысы" деген сөз "отырыстары" деген сөзбен ауыстырылсын.

7-бап

Келісімнің 7-бабының екінші бөлігіндегі "СІМК-нің қабылдауы және МБК-нің бекітуі" деген сөздер "СІМК-нің бекітуі және МБК-нің қабылдауы" деген сөздермен ауыстырылсын.

8-бап

Келісімнің 8-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төрағалық ету

МБК-нің кезекті отырысын қабылдайтын Тарап МБК-нің келесі кезекті отырысына дейін ТМҰ-ның Төрағасы болып табылады."

9-бап

Келісімнің 9-бабының екінші бөлігіндегі "бекітетін (қабылдайтын)" деген сөздер "бекітетін" деген сөзбен ауыстырылсын.

10-бап

Келісімнің 16-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"Байқаушылар және әріптестер

ТМҰ жанындағы байқаушы және әріптес мәртебелері мемлекеттерге, халықаралық ұйымдарға және басқа да құрылымдарға берілуі мүмкін.

Мұндай мәртебелерді ұсыну тәртібі мен рәсімдері ТМҰ-ның Рәсім ережесінде белгіленеді."

11-бап

Келісімнің 18-бабындағы "СІМК қабылдайтын және МБК бекітетін" деген сөздер "СІМК бекітетін және МБК қабылдайтын" деген сөздермен ауыстырылсын.

12-бап

Келісімнің 22-бабы екінші бөлігіндегі "үшінші" деген сөз "соңғы" деген сөзбен ауыстырылсын.

13-бап

1. Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі рәсімдердің аяқталғаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

3. Түркия Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Хаттаманың депозитарийі болып табылады. Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы оған қол қойған әрбір Тарапқа куәландырылған көшірмесін жіберетін депозитарийде сақталады.

2022 жылғы 11 қарашада Самарқандта әзербайжан, қазақ, қырғыз, түрік, өзбек және ағылшын тілдерінде бір төлнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың мәтіндері арасында алшақтықтар болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Әзербайжан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Түркия Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Осымен қоса берілген 2022 жылы 11 қарашада Самарқандта Түркі мемлекеттері ұйымының 9-шы Саммитінде мемлекет басшыларымен қол қойылған Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы Хаттама мәтінінің қазақ тілінен орыс тіліне аударылған бейресми аудармасы болып табылатынын куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрінің орынбасары

Ә. Бақаев